

Амангелді орта мектебінің 6-сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық талдау есебі

2022-2023 оқу жылында 6-сыныпты 12 оқушы бастап 12 оқушы аяқтады. Оқу жылының басында тәрбие жұмысының мақсаты айқындалып, жылдық жоспары құрылды. Осы мақсатқа сәйкес негізгі бағыттары мен міндеттері орындалды. Тәрбиелік іс-әрекеттер дұрыс таңдалып, мазмұны жағынан жұмыс түрлері жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалынып алынды. Тәрбие мақсаттарын қайта қарау қажет етпеді, белгіленген міндеттер соған сәйкес жұмыстар нәтижелі болды.

Кластың ұжымдық ауызбіршілігі жоғары деңгейде, қоғамдық жұмыстарға, шараларға белсене қатысады. Сынып оқушыларының туған күндерін немесе алған жүлделі орындарын құттықтау дәстүрлері қалыптасқан. Оқушылардың өзара қарым қатынасы жақсы деңгейде, ұлдар мен қыздар арасындағы қарым қатынасы жақсы

Оқу жылының басында көптеген оқушылар үйірмелерге қатысты. Күрес «футбол» 3 оқушы, «волейбол» 7 оқушы қатысады. Жарыстарға қатынасып жүлделі орындар алып жүрді. Еркін күреске оқушылар қатынасып жүлделі орындарға ие болып жүр. Оқушылар басқа да өтіп жатқан мектептегі шараларға белсене қатысады.

Өзін өзі басқару ұйымының мүшелерінің арасында ауытқушылықтар болмады. Өз жұмыстарын уақытылы атқарып отырды. Өзін өзі басқару ұйымы оқушылардың мектеп өміріне етене араласуына зор ықпалын тигізді.

Осы оқу жылында оқушылар өздері қалаған үйірмелерге қатысып, жетістікке жетуіне ата-аналардың ықпалы өте жоғары болды. Үйірмелерге қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етіп, оқушылардың қызығушылықтарын одан әрі дамыта білді. Сабак үлгерімдері жақсы деңгейде болды.

2022-2023 оқу жылы бойынша жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Менің елім, менің Қазақстаным» «Жол қауіпсіздігі ережесі» жас жолаушы жадынамасы» «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты сынып сағаттары болды. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында «Адамгершілік асыл қасиет» «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» «Имандылық инабаттылық бастауы» атты тәрбие сағаттары өтті. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау мақсаты бойынша «Ұлттық валюта» - нарық талабы» «Ұлттық ойын – халық мұрасы» «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш» «Қазақтың тыйым сөзі – ұлттық тәрбие көзі» атты тақырыптарда сынып сағаттары болды.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша
Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында «Ардақта... Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дiңгегi – ата-ана» "Әке- асқар тау,

Ана- етегіндегі бұлақ,
Бала-жасындағы құрақ" атты сынып сағаттары және «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамалар алынды. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті. «Экологиялық тәрбие – болашақ кепілі.» "Еңбек түбі -береке!" «Таза болса табиғат, аман болат азамат» «Ахмет Байтұрсынов»150 жылдығы атты тақырыпта сынып сағаттары болды.

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша мақсаты:Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. «Ғаламтор сөйлейді» «Салт-дәстүрінді білесің бе?» «Құқықтық сауаттылық заман талабы»

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты тақырыптарда сайын тәрбие сағаттары өтті.Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты мақсаты:тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» «Жол қауіпсіздігі ережелері» «Роза Бағланованың 100 жылдығы» «Жол ережесін сақтаймыз»

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты Мақсаты:Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. «Салауатты ұрпақ нұрлы болашақ» «Тазалық – денсаулық кепілі» «Дені саудың - жаны сау» «Қазақ спортының мақтаныштары – ұлт мақтанышы» атты тақырыпта сынып сағаттары өтті.

Барлық тәрбие сағаттары өз деңгейінде өтті.Оқушылар да өз деңгейлерінде белсенділіктерін көрсете білді.

Сынып оқушылары пән мұғалімдерімен жақсы қарым қатынаста болды.Үлгерімі өте төмен оқушы болмады.Сыныптан тыс шаралар кезінде ата-аналардың да қатысымы жақсы болды.Ата – аналар жиналысына қатынасып отырды.

Сынып жетекшісі: Мамбетова Л .

